

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 31 қаңтар N 166. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1118 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.09.26. N 1060

қ а у л ы с ы м е н .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Ақмола облысы орталығының қоныс аударуына байланысты босайтын ғимараттар мен қызметтік үй-жайларды бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 796 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшадағы реттік нөмірі 27-жол алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы N 1578 (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 49, 472-құжат) қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (Сыртқыісмині) туралы ережедегі:

1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Министрліктің ведомстволары бар, олар - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитет, Инвестициялар жөніндегі комитет";

1 0 - т а р м а қ т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестициялар т а р т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;";

мынадай мазмұндағы б-1) тармақшамен толықтырылсын:

"б-1) Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру";

1 1 - т а р м а қ т а :

9) тармақша "ынтымақтастық жөніндегі" деген сөздерден кейін "сондай-ақ Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты мәселелері жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсартуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге, сондай-ақ халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шараларды іске асыру жөнінде жұмыстар жүргізеді".

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 31 қаңтардағы

№ 166 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі, белгіленген үлгіде бланктері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банкілерде есеп шоттары болады.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында күші бар бұйрықтар түрінде кесімдер шығарады.

5. Комитет штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі

б е к і т е д і .

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі,
1 0 .

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек қана республикалық бюджеттен жүзеге асырылады .

Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде шарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады .

Заңнамалық кесімдермен Комитетке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқықтар берілген жағдайда, осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестициялар тартуға жәрдемдесу ;

2) елде инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру ;

3) мемлекеттік органдардың шетелдік инвесторлармен жұмыс жөніндегі қызметін үйлестіру ;

4) Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі қызметін қамтамасыз ету ;

5) мемлекеттік бағдарламаларды, басымдықты жобаларды, оның ішінде халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдар мен донор мемлекеттер беретін заемдар мен гранттар есебінен іске асыру үшін қаржылық ресурстарды тартуға жәрдемдесу ;

6) Қазақстан Республикасындағы инвестициялық мүмкіндіктері туралы жарнамалық-ақпараттық науқан жүргізу ;

7) шетелдік және отандық инвесторлармен өзара іс-қимыл жасаудың тиімді жүйесін құру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кепілдіктерді сақтауды, сондай-ақ инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу ;

8) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағдарламалар мен басымдықты инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған халықаралық экономикалық және қаржылық институттар тарапынан тікелей инвестициялар мен қаржылық ресурстарды тарту мәселелерінде орталық және жергілікті атқарушы органдар қызметіне жәрдемдесу ;

9) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелерінен алынған ұсыныстар мен жобаларды қорыту, талдау және оларды заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында одан әрі жылжыту, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылау;

10) тікелей инвестицияларды тарту мен пайдалану жөніндегі есеп пен есеп беруді мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ұйымдастыру;

11) шет елдерде шаруашылық дауларды реттеуде сотқа дейінгі тәртіппен қазақстандық заңды және жеке тұлғаларға заңнамада белгіленген тәртіппен көмек көрсету;

12) Қазақстан Республикасында шаруашылық дауларды реттеуде сотқа дейінгі тәртіппен шетелдік заңды және жеке тұлғаларға заңнамада белгіленген тәртіппен көмек көрсету;

13) Қазақстан Республикасының жетістіктері мен инвестициялық мүмкіндіктерін кеңінен танымал ету және насихаттау мақсатында Қазақстанда және шет елдерде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, басқосулар, форумдар, семинарлар, тұсаукесерлер, конференциялар мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

11. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) тікелей шетелдік инвестициялар ағындарының қозғалысына талдау жасайды, оларды тарту мен көтермелеудің әлемдік тәжірибесін зерделейді және қорытады;

2) Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсартуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде, сондай-ақ халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған шараларды іске асыру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

3) инвестициялық қызмет мәселелері жөнінде халықаралық келісімдерді дайындау мен жасасуды қамтамасыз етеді;

4) саяси және реттеу сипатындағы тәуекелдерді жабу кепілдіктерінің мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасында және шет елдерде экономикалық басқосулар, форумдар, инвестициялық конференциялар, семинарлар, көрмелер және басқа да тұсаукесерлік іс-шараларды қоса алғанда, тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі жарнамалық-ақпараттық жұмысты жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасы экономикасының басымдықты секторларындағы тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау көрсетеді;

7) өз қызметі мәселелері бойынша инвесторлармен, халықаралық және өзге де

ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

8) тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту үшін экономиканың басымдықты секторларының тізбесін және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде жеңілдіктер мен преференциялар беру тәртібін анықтау жөнінде ұсыныстарды әзірлейді;

9) Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды тарту және жеңілдіктер мен преференциялар беру жөніндегі келісім-шарттар (бұдан әрі - Келісім-шарт) жасасу бойынша келіссөздерді ұйымдастырады және қатысады;

10) тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту үшін неғұрлым маңызды өндірістердің тізімін анықтайды;

11) экономиканың басымдықты секторларында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жеңілдіктер мен преференциялар беруге инвесторлардың өтініштерін қабылдайды;

12) Келісім-шарттарды және инвестициялық жобаларға қатысты өзге де құжаттарды ұйымдастырады және оларға сараптама жүргізеді;

13) жасалған Келісім-шарттардың өндірістік-техникалық, экономикалық экологиялық, қаржылық салықтық және өзге де шарттарына талдау жасайды және орындалуын ұйымдастырады;

14) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті барлық келісу және рұқсат беру құжаттарын алуды қамтамасыз етеді;

15) Қазақстан Республикасындағы білікті қызметкерлерді, тауарларды және қызметтерді іздестіруде инвесторларға жәрдемдеседі;

16) жасалған Келісім-шарттарды сақтауды жүзеге асырады;

17) тиісті бақылау органдарымен олардың құзыреті шегінде өзара іс-қимыл жасай отырып, Келісім-шарттардың шарттарын сақтауды бақылауды қоса алғанда, инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді және оларды бақылайды;

18) бұқаралық ақпарат құралдарында инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты барлық нормативтік құқықтық құжаттарды, Келісім-шарттар жасалған жобалар тізбесін, жобаларға жұмсалған инвестициялар сомасын және құрылатын жұмыс орындары санын жариялауды қамтамасыз етеді;

19) Комитет қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, оларды даярлауды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында өзіне жүктелген өзге де функцияларды іске асырады.

12. Комитет негізгі міндеттерді және өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) құзыретті және берілген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының атынан іс-қимыл жасауға және инвестициялық ынтымақтастық,

инвестицияларды ынталандыру мен өзара қорғау саласында халықаралық келісімдер (шарттар) жасасу мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізуге;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар үшін орындау міндетті, оның ішінде Келісім-шарттарды әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер бойынша бұйрықтар шығаруға;

3) инвесторлармен тікелей келіссөздер жүргізу кезінде берілген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасы атынан іс-қимыл жасауға, Келісім-шарттар жасасу және оларды бұзу шарттары мен тәртібін анықтауға, Келісім-шарттарға қол қоюға және оларды тіркеуге, өз құзыреті шегінде олардың шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

4) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шет елдерден мекемелерінің қызметін үйлестіруге;

5) Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті реттеумен байланысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеуге және оларды әзірлеуге қатысуға;

6) Келісім-шарттарға сараптама жүргізуге және дайындауға, мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар қызметкерлерін, оның ішінде шетелдік а з а м а т т а р д ы т а р т у ғ а ;

7) инвесторлардан, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан және олардың лауазымды адамдарынан инвестиция мәселелері бойынша қажетті а қ п а р а т т ы с ұ р а т у ғ а ж әне а л у ғ а ;

8) экономиканың басымдықты секторларында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвесторларға жеңілдіктер мен преференциялар беруге;

9) мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар өкілдерінің қатысуымен айрықша маңызы бар жобаларды іске асыруға байланысты Келісім-шарттарды дайындау жөніндегі жұмыс топтарын құруға, сондай-ақ ведомствоаралық к о м и с с и я л а р қ ұ р у ғ а ;

10) инвестициялық қызмет мәселелері бойынша газеттерді, бюллетеньдерді және журналдарды мемлекеттік тілде, орыс, ағылшын және басқа да тілдерде шығаруды қоса алғанда, баспа қызметін жүзеге асыруға;

11) жарнамалық-ақпараттық және анықтамалық әдебиеттің, картографиялық жұмыстардың, жарнамалық бейнефильмдердің, слайдтардың және басқа да ақпараттық-тұсаукесерлік материалдардың тапсырушысы болуға;

12) Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жарнамалық-ақпараттық, анықтамалық және өзге де материалдарды и н в е с т о р л а р ғ а б е р у ғ е ;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

3. Комитет мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзгеше билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайларда және шекте мүлікті басқару құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитет қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады.

Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Комитет Төрағасының орынбасары болады.

Төраға Комитет жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, сондай-ақ Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

17. Төраға осы мақсаттарда:

1) өзінің орынбасарының және Комитет құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлеріне тәртіптік ж а з а л а р қ о л д а н а д ы ;

4) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін б і л д і р е д і ;

5) б ұ й р ы қ т а р ғ а қ о л қ о я д ы ;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

18. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.